Берілген қарыздар мен борыштық құралдарға инвестициялар жиыны - ұзақ мерзімді бөлік			44.968.976	46.600.902
<i>Қысқа мерзімді бөлік</i>				
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ облигациялары	10 қараша 2025 жыл	ҚРҰБ қайта қаржыландыру мөлшерлемесі	18.000.000	17.000.000
«Ereumentau Wind Power» ЖШС-не берілген қарыздар	Қол қою күнінен бастап 12 ай	–	9.713.146	9.654.646
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-нің облигациялары	25 қыркүйек 2029 жыл	16,25%	8.684.138	5.210.483
«Д. Қантаев атындағы Мойнақ ГЭС» АҚ-ның облигациялары	11 маусым 2026 жыл	11%	7.500.000	7.500.000
Берілген қарыздар бойынша есептелген сыйақылар	–	–	4.138.667	2.938.053
«Ereumentau Wind Power» ЖШС-не көрсетілген қаржылық көмек	Қол қою күнінен бастап 12 ай	–	4.100.000	4.100.000
Облигациялар бойынша есептелген сыйақылар	–	–	2.955.707	1.161.723
«Шардара ГЭС» АҚ-ның облигациялары	25 мамыр 2028 жыл	13%	2.900.000	2.900.000
«Балқаш ЖЭС» АҚ-на берілген қарыз	–	–	377.301	377.301
«Өскемен ГЭС» АҚ-на көрсетілген қаржылық көмек	–	–	30.390	30.390
«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ-на берілген қарыз	–	–	5.442	5.442
Минусы: құнсыздану резерві	–	–	(18.034.871)	(17.156.847)
Берілген қарыздар мен борыштық құралдарға инвестициялар жиыны - қысқа мерзімді бөлік			40.369.920	33.721.191
Берілген қарыздар мен борыштық құралдарға инвестициялар жиыны			85.338.896	80.322.093

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР –
2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМ (аудиттелмеген) (жалғасы)****6 БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ БОРЫШТЫҚ ҚҰРАЛДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)***«Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз ГРЭС-1» АҚ-ның облигациялары*

2024 жылғы 25 қыркүйекте Компания айналыс мерзімі 5 жыл және жылдық 16,25% тіркелген мөлшерлеменен АІХ-те 34.736.552 мың теңге сомасына шығарылған «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-тің ұзақ мерзімді облигацияларын сатып алды. Облигациялар «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС қарыздарын қайта қаржыландыру мақсатында сатып алынды.

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша облигациялардың номиналды құнының қалдығы 1.736.828 мың теңге өтелгеннен кейін 31.262.897 мың теңгені құрайды (2024 жылғы 31 желтоқсанға номиналды құны: 32.999.725 мың теңге).

«Energy Solutions Center» ЖШС-не берілген қарыз

2024 жылғы 10 шілдеде Компания мен «Energy Solutions Center» ЖШС (бұдан әрі – ESC) арасында «Екібастұзтеплоэнерго» ЖШС-не қажетті ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуге 4.798.554 мың теңгеден аспайтын мөлшерде №ДЗ-35 Қарыз шартына (бұдан әрі - Қарыз шарты) қол қойылды. 2024 жылғы 13 қарашада қарыз сомасын 7.298.554 мың теңгеге дейін ұлғайтуды көздейтін Қарыз шартына №1 қосымша келісімге қол қойылды. 2025 жылғы 8 қаңтарда №2 қосымша келісімге қол қойылды, 2025 жылы күрделі жөндеулерді жүргізу үшін лимит сомасын 7.600.000 мың теңгеге ұлғайту көзделген, осының нәтижесінде қарыздың жалпы сомасы 14.898.554 мың теңгені құрады.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Компания ESC-ке 5.395.856 мың теңге сомасында қарыз берді. Қарыз бастапқыда 7.036.480 мың теңге сомасында 2027 жылы өтеу мерзімімен 18,64% тиімді мөлшерлемені қолдана отырып, әділ құны бойынша танылды. Әділ құн мен номиналды құн арасындағы 1.738.495 мың теңге мөлшеріндегі айырмашылық ESC-тегі инвестициялардың ұлғаюы ретінде көрсетілді (5 - ескертпе).

«Шардара ГЭС» АҚ-ның облигациялары

2021 жылғы 26 қарашада Компания айналыс мерзімі 6 жарым жыл және жылдық 13% купондық мөлшерлеменен АІХ-те 18.400.000 мың теңге сомасына шығарылған «Шардара ГЭС» АҚ облигацияларын сатып алды. Облигациялар «Шардара ГЭС» АҚ-ның Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің алдындағы қарыздарын қайта қаржыландыру мақсатында сатып алынды. 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша облигациялардың номиналды құнының қалдығы 1.500.000 мың теңге өтелгеннен кейін 8.200.000 мың теңгені құрайды (2024 жылғы 31 желтоқсанға номиналды құны: 9.700.000 мың теңге).

«Мойнақ ГЭС» АҚ-ның облигациялары

2019 жылғы 18 маусымда «У.Д. Қантаев атындағы Мойнақ ГЭС» АҚ (бұдан әрі - «МГЭС») жылдық 11% пайыздық мөлшерлеменен 1.000 теңгенің номиналды құны бойынша 47.000.000 дана мөлшерінде купондық облигациялар шығарды және орналастырды. Облигациялар Қытайдың Мемлекеттік банкі алдындағы қарызды қайта қаржыландыру мақсатында шығарылды. Облигациялардың айналыста болу мерзімін 7 жылды құрайды. Облигациялар Astana International Exchange (AIX) қамтамасыз етусіз шығарылды және оны Компания сатып алды. 2023 жылы МГЭС сатып алынған купондық облигацияларды қайта сатты, оларды Компания облигациялар шығарудың бекітілген талаптарына сәйкес номиналды құны 1.000 теңге бойынша 1.500.000 дана көлемінде сатып алды. Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + 2% Маржа» формуласы бойынша есептелетін өзгермелі мөлшерлемеге 11%-дан қайта қаралды. 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша облигациялардың номиналды құнының қалдығы 12.000.000 мың теңгені құрайды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 12.000.000 мың теңге).

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-на берілген қарыз

2011 жылғы 31 қаңтарда Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға қосалқы станциялар мен басқа да объектілерді салуға және реконструкциялауға 7.000.000 мың теңге көлемінде қарыз берді. 2024 жылғы 19 қаңтарда Компания токсанына бір рет төленетін жылдық 2% сыйақы мөлшерлемесімен 2026 жылы өтеуді ескере отырып, қарызды өтеу кестесін өзгерту бойынша Кредиттік шартқа №2 қосымша келісім жасасты. Компания бастапқы қаржы активін мойындауды тоқтатты және жаңа активті әділ құны бойынша мойындады. Бастапқы тану күніндегі қарыздың әділ құны мен оның номиналды құны арасындағы айырманың шамасы 1.109.853 мың теңге сомасында активті тану күніндегі АЖК-ға қосымша инвестициялар ретінде танылды. Дисконттау мөлшерлемесі - 19%.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР – 2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМ (аудиттелмеген) (жалғасы)

6. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ БОРЫШТЫҚ ҚҰРАЛДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ облигациялары

2024 жылы Компания «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның қысқа мерзімді облигацияларын 1 жылға дейінгі мерзіммен 17.000.000 мың теңге жалпы сомаға сатып алды. Сыйақының купондық мөлшерлемесі, 0.75% мөлшерінде тіркелген маржаны шегере отырып, ҚРҰБ купондық кезең ішінде белгілеген базалық мөлшерлемелердің орта деңгейі ретінде есептеледі.

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша облигациялардың номиналды құнының қалдығы 5.000.000 мың теңге өтелгеннен кейін 18.000.000 мың теңгені құрайды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 17.000.000 мың теңге).

2025 жылғы 4 маусымда Компания «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның қысқа мерзімді облигацияларын 2025 жылдың соңына дейінгі мерзіммен 6.000.000 мың теңге жалпы сомаға сатып алды. Сыйақының купондық мөлшерлемесі, 0,75% мөлшерінде тіркелген маржаны шегере отырып, ҚРҰБ купондық кезең ішінде белгілеген базалық мөлшерлемелердің орташа мәні ретінде есептеледі.

«Ereymenau Wind Power» ЖШС-не берілген қарыздар мен қаржылық көмек

«Ereymenau Wind Power» берген қаржылық көмек пен қарыздар өтелмейтін болғандықтан, бұл қаржы активтері толығымен құнсызданған.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР –
2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМ (аудиттелмеген) (жалғасы)****7. БАСҚА ДА АЙНАЛЫМДАҒЫ АКТИВТЕР**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсан
Алынатын дивидендтер	15.000.551	550
«Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-нің кэш-пуллингі	4.169.348	–
Еншілес кәсіпорындар сатып алушыларының дебиторлық берешегі	522.210	512.867
«Тауба Invest» ЖШС-тің дебиторлық берешегі	35.048	35.048
Қысқа мерзімді депозиттер	304	304
Басқалары	42	–
Құнсыздану резервін шегере отырып	(299.029)	(299.029)
Басқа да қаржылық айналымдағы активтердің жиыны	19.428.474	249.740
Төленуге жататын салықтар	803.118	516.791
Төленген аванстар	464.176	483.228
Басқа да қысқа мерзімді активтер	320.024	320.024
Келешек кезеңдердің шығыстары	123.505	106.235
Жұмыскерлердің басқа да дебиторлық берешегі	6.094	102.201
Құнсыздану резервін шегере отырып	(320.024)	(339.344)
Басқа да айналымдағы активтердің жиыны	20.825.367	1.438.875

Алынатын дивидендтер

2025 жылғы 31 наурызда «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС 20.000.000 мың теңге мөлшерінде дивидендтер төлейтінін жариялады.

2025 жылы аяқталған алты айдың ішінде «ГРЭС-1» ЖШС 5.000.000 мың теңге сомасында дивидендтер төледі, қалған сома 2025 жылдың екінші жартыжылдығында алуға жатады.

«Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-нің кэш-пуллингі

2024 жылғы 28 сәуірде Компания мен «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС арасында «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС айналым капиталын қаржыландыруға 10.000.000 мың теңгеден аспайтын мөлшерде кэш-пулинг (3-ескертпе) тетігі шеңберінде шартқа қол қойылды. Сыйақы мөлшерлемесі жылдық 0.01%. Шарт талап ету бойынша өтелуге жатады, осыған орай сома айналым активтерінің құрамында көрсетіледі.

8. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсан
Кемінде үш ай өтеудің бастапқы мерзімі бар басқа да банктермен сатып алу және кері сату («кері репо») шарттары - теңге	68.545.850	59.075.072
3 айға дейін мерзімді депозиттердегі ақша қаражаты - теңге	1.194.342	2.543.062
Банк шоттарында шетел валютасындағы ақша қаражаты	24.516	–
Банк шоттарындағы ақша қаражаты - теңге	8.224	666.471
Кассадағы ақша қаражаты	4.913	5.856
Банк шоттарындағы ақша қаражаты - еуро	457	551
Минусы: құнсыздану резерві	(88)	(246)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының жиыны	69.778.214	62.290.766

9. КАПИТАЛ*Акционерлік капитал*

2025 жылғы 30 маусымға шығарылған 7.002.267 жай акция толығымен төленді (2024 жылғы 31 желтоқсан: 6.952.267 акция). Әрбір жай акция бір дауыс беру құқығын береді. Компанияның артықшылықты акциялары жоқ. Жарияланған акциялардың саны 8.602.187 акцияға тең (2024 жылғы 31 желтоқсан: 8.602.187 акция). 2025 жылғы 10 сәуірде Компания жалғыз акционерге 20.565.918 мың теңге – бір акция үшін 2.958,16 теңге мөлшерінде дивидендтер төлейтінін жариялады.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР –
2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМ (аудиттелмеген) (жалғасы)****9. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ (жалғасы)**

2025 жылғы 4 маусымда «Самұрық-Қазына» АҚ «Алматы ЖЭО-3 қайта құру» жобасын іске асыру шеңберінде «АлЭС» АҚ одан әрі капиталдандыру мақсатында басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес 6.454.795 мың теңге жалпы сомаға ақша қаражатын беру арқылы 1 жай акция үшін 129.095 теңге 90 тиын орналастыру бағасы бойынша Компанияның 50.000 акциясын сатып алды.

Дивиденттер

2025 жылғы 10 сәуірде Компания жалғыз акционерге 20.565.918 мың теңге мөлшерінде дивиденд төлеу туралы жариялады – бір акцияға 2 958,16 теңге.

10. ҚАРЫЗДАР МЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	Өтеу күні	Сыйақының тиімді мөлшерлем есі	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді бөлік				
«Самұрық-Қазына ҰӘҚ» АҚ-нан қарыздар	17 қыркүйек 2027 жыл	12,8% ҚРҰБ қайта қаржыландыру мөлшерлемесі	82.756.844	81.042.824
Облигациялар	19 қыркүйек 2029 жыл 31 қазан 2026 жыл		42.715.586	44.452.414
Ұзақ мерзімді банктік қарыздар		11.8%	4.437.112	19.777.038
Қарыздар мен облигациялардың ұзақ мерзімді бөлігінің жиыны			129.909.542	145.272.276
Қысқа мерзімді бөлік				
Облигациялар	19 қыркүйек 2029 жыл 31 желтоқсан 2025 жыл 31 қазан 2024 жыл - 31 желтоқсан 2025 жыл	ҚРҰБ қайта қаржыландыру мөлшерлемесі	28.674.373	30.415.914
Қысқа мерзімді банктік қарыздар		4,5%	15.804.328	576.200
Еншілес ұйымдардан және бірлескен кәсіпорындардан қарыздар (ЕТҰ, СҚО)	19 шілде 2026 жыл - 8 қараша 2026 жыл	6,1%	11.361.752	12.725.143
Есептелген пайыздар – Самұрық-Қазына мен ЕТҰ-дан алынған қарыздар	17 қыркүйек 2027 жыл	ҚРҰБ қайта қаржыландыру мөлшерлемесі	5.162.449	5.010.616
Самұрық-Қазынадан алынған қарыздар		12,8%	2.381.109	2.381.109
Есептелген пайыздар - облигациялар			1.963.686	1.916.646
Есептелген пайыздар - банк қарыздары			495.313	471.128
Қарыздар мен облигациялардың қысқа мерзімді бөлігінің жиыны			65.843.010	53.496.756
Қарыздар мен облигациялар жиыны			195.752.552	198.769.032

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде алынған қарыздарда келесі елеулі өзгерістер болды:

«Самұрық-Қазына ҰӘҚ» АҚ-нан қарыздар

2010 жылғы 17 наурызда Компания «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-мен Forum Muider-дегі 50% үлесті сатып алу нәтижесінде борышты қайта қаржыландыру мақсатында 48.200.000 мың теңге сомасына кредиттік келісімге қол қойды. Қарыз өтеу мерзімі 2029 жылғы 17 қыркүйектен кешіктірілмей жылдық 1,2% мөлшерінде пайыздық мөлшерлемен берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең төлемдермен өтелуге жатады, ал пайыздар қарыз алғаннан кейінгі келесі есепті жылдан бастап жартыжылдық жарналармен төленеді.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Компания 2.381.109 мың теңге сомаға негізгі борышты ішінара өтеді.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР –
2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМ (аудиттелмеген) (жалғасы)****10. ҚАРЫЗДАР МЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР (жалғасы)***«Самұрық-Қазына ҰӘҚ» АҚ-нан қарыздар (жалғасы)*

2014 жылғы 16 қаңтарда Компания «Самұрық-Қазына» қоры мен 200.000.000 мың теңге сомасына кредиттік келісімге қол қойды. Келісім ТОО «ЭГРЭС-1»-дегі қалған қатысу үлесін сатып алу мақсатында жасалды. Негізгі қарыз сомасы 2028 жылғы 1 желтоқсанда өтеуге тиісті, ал сыйақылар жартыжылдық жарналармен 7,8% мөлшерлемен төленеді. 2014 жылғы 3 қазан күні негізгі қарыздың 100.000.000 мың теңгесі акцияларға ауыстырылды.

2015 жылғы 25 желтоқсанда негізгі қарызға қолданылатын жылдық пайыздық мөлшерлеме 1%-ға дейін төмендетілді, бұл қарыз шарттарының маңызды өзгеруі болып есептелді. Қарыз алынған күнгі нарықтық мөлшерлеме 12,8% жылдықты құрады. Компания қарызды бастапқы тану нәтижесінде түскен 72.581.903 мың теңге сомасындағы кірісті басқа капитал құрамында таныды.

Шығарылған облигациялар

2024 жылғы 19 қыркүйекте «Самұрық-Энерго» АҚ 2029 жылғы 19 қыркүйекке дейін айналыс мерзімімен ҚРҰБ +1% өзгермелі мөлшерлеме бойынша Astana International Exchange алаңында өтімділікті басқару бағдарламасы шеңберінде 34.736.552 мың теңге сомасына амортизацияланған купондық облигациялар шығарды. 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде 3.473.655 мың теңге сомаға облигациялардың ішінара өтелуі жасалды.

Банк қарыздары: Азия Даму Банкі

2018 жылдың 8 қарашасы мен 5 желтоқсанында Компания негізгі қызмет түрлерінің операциялық тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергиямен байланысты мүмкіндіктерді анықтау мақсатында Азия Даму Банкінде 120 миллион АҚШ долларын құрайтын жаңартылмайтын кредит желілерін ашты. 2019 жылы Компания кредиттік желілер бойынша 45.860.800 мың теңге жалпы сомаға А және В траншын 5 жылдан кейін, С траншын 7 жылдан кейін өтеу мерзімімен үш транш алды. Пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Республикасы инфляциясының нақты көрсеткіштерінің (All-in cost) өсімі, банктің маржасы (А және В Транштары бойынша 3,75%, С траншы бойынша 4,50%) негізінде белгіленеді. 2022 жылы А және В транштары мерзімінен бұрын толық өтелді. 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша С траншы бойынша 15.234.000 мың теңге сомасындағы қалдық толығымен қысқа мерзімді бөлікке ауыстырылды.

Банк қарыздары: Еуразиялық даму банкі

2023 жылғы 30 маусымда Компания Еуразиялық даму банкінен 2034 жылғы 31 қазанда өтеу мерзімімен 6.626.296 мың теңге сомасына қарыз алды. Нысаналы мақсаты - еншілес ұйымның Еуразиялық даму банкі алдындағы негізгі борышын өтеу мақсатында «Eneumentau Wind power» ЖШС-не қарыз беру. Пайыздық мөлшерлеме - 2026 жылғы 31 қазанға дейін жылдық 11,5%. 2026 жылғы 1 қарашадан бастап негізгі борыш толық өтелгенге дейін пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің және жылдық 2,25% маржаның сомасына тең.

Еншілес ұйымдардан және бірлескен кәсіпорындардан қарыздар (ЕТҰ, СҚО): «Богатырь-Көмір» ЖШС қарыздары

2022 жыл ішінде Компания «Богатырь Көмір» ЖШС-нен (Forum Muider Бас компаниясының бірлескен кәсіпорнының еншілес компаниясы) қарыз мерзімінің соңында негізгі борыш пен сыйақыны өтеу талабымен 12 ай мерзімге 12.482.770 мың теңге жалпы сомаға қарыздар алды. 2023 жылғы қарашада қарыздар мерзімі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің транштар берілген күнгі базалық мөлшерлемесіне тең жылдық сыйақы мөлшерлемесі ұлғайып, бұған дейін 3%-ды құрайтын жылдық Х% маржасы 1 жылға ұзартылды.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ «Богатырь Көмір» ЖШС-мен кредиттік келісімдердің қолданылу мерзімін тиісінше 2025 жылғы 19 шілдеге және 2026 жылғы 8 қарашаға дейін ұзарту туралы қосымша келісімдерге қол қойды.

2025 жылғы 3 қаңтарда Компания «Богатырь-Көмір» ЖШС-не алынған қарыздар бойынша борыштың негізгі сомасын ішінара өтеу есебіне 1.500.000 мың теңге және қарыздар бойынша 533.035 мың теңге сыйақы төледі.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР –
2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМ (аудиттелмеген) (жалғасы)****11. ҚАРЖЫЛЫҚ КЕПІЛДІК**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Ұзақ мерзімді бөлік		
Қаржылық кепілдік	22.140.112	23.101.016
Қаржылық кепілдіктің ұзақ мерзімді бөлігінің жиыны	22.140.112	23.101.016
Қысқа мерзімді бөлік		
Қаржылық кепілдік	1.921.809	1.921.809
Қаржылық кепілдіктің қысқа мерзімді бөлігінің жиыны	1.921.809	1.921.809
Қаржылық кепілдік жиыны	24.061.921	25.022.825

Кепілдік міндеттемелер «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Алматы ЖЭО-2 газдандыру жобасын (бұдан әрі – «Жоба») қаржыландыру мақсатында берген қарсы кепілдік шарттары бойынша Компанияның міндеттемелерін білдіреді. Жобаны іске асыру шеңберінде «Алматы электр станциялары» АҚ мен қаржы институттары арасында мынадай негізгі талаптарда кредиттік келісімдер жасалды:

- Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) TONIA Compounded индексінен, банктің меншікті қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша шығасыларынан және банктің 2027 жылғы 30 маусымға дейін 1,5% және 2027 жылғы 30 маусымнан бастап 2% маржасынан, 2037 жылғы 20 қарашада қарыздың аяқталу мерзімінен тұратын сыйақы мөлшерлемесімен 130.000.000 мың теңгеге дейінгі сомаға.
- Азия даму банкімен (АДБ) TONIA Compounded индексінен, банктің меншікті қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша шығасыларынан және банктің 2027 жылғы 30 маусымға дейін 1,5% және 2027 жылғы 30 маусымнан бастап 2% маржасынан, 2037 жылғы 20 қарашада қарыздың аяқталу мерзімінен тұратын сыйақы мөлшерлемесімен 98.000.000 мың теңгеге дейінгі сомаға.
- Қазақстанның даму банкімен (ҚДБ) TONIA Compounded индексінен, банктің меншікті қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша шығасыларынан және банктің жылдық 0,73% маржасынан, 2038 жылғы 8 маусымда қарыздың аяқталу мерзімінен тұратын сыйақы мөлшерлемесімен 117.000.000 мың теңгеге дейінгі сомаға.

Кепілдік келісімдері кепілдік бергені үшін комиссия болмаған жағдайда жасалды. 2025 жылғы 30 маусымға берешектің жалпы кепілдік берілген сомасы 345.000.000 мың теңге (2024 жылғы 31 желтоқсан: 345.000.000 мың теңге) болды. Бастапқы тану кезінде кепілдік міндеттемелерінің сомасын есептеуде 14% дисконттау мөлшерлемесі және дефолт ықтималдығы мен күтілетін кредиттік зияндарды бағалау үшін 1,44% деңгейінде Credit Default Swap мөлшерлемесі қолданылды.

2025 жылғы 30 маусымға кепілдіктер бойынша міндеттемелер 25.022.825 мың теңге (2024 жылғы 31 желтоқсан: 25.983.730 мың теңге) болды. 2025 жылғы 30 маусымға есепті кезең ішінде қаржылық кепілдік бойынша дисконт амортизациясы 960.905 мың теңгені құрайды.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР –
2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМ (аудиттелмеген) (жалғасы)****12. БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ПЕН ЕСЕПТЕЛГЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсан
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер (кэш-пулинг) (3-ескертпе)	36.924.358	35.391.979
Есептелген дивидендтер (9-ескертпе)	20.565.918	–
Өнім жеткізушілер алдындағы берешек	393.363	758.841
Қаржылық кредиторлық берешек жиыны	57.883.639	36.150.820
«Qazaq Gaz» АҚ алдындағы бағалау міндеттемесі	678.309	378.309
Басқалары	763.593	575.770
Басқа да кредиторлық берешек пен есептелген міндеттемелер жиыны	59.325.541	37.404.899

Еншілес ұйымдардан алынған қаржылық көмек

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде кэш-пулинг тетігі шеңберінде (3-ескертпе) Компания «Самұрық-Энерго» АҚ тобына кіретін компаниялардан жалпы 72.676.287 мың теңге көлемінде қаржылық көмек алды және есепті күнгі жағдай бойынша 71.143.241 мың теңге төледі. Осы міндеттемелер талап етілгенге дейін болып табылады, осыған орай, номиналды құны бойынша ескерілді.

13. ДИВИДЕНДТЕР БОЙЫНША КІРІСТЕР

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		30 маусымда аяқталған үш ай үшін	
	2025 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2024 ж.
«Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	20.000.000	29.000.000	20.000.000	29.000.000
«Бұқтарма ГЭС» АҚ	12.704.333	15.197.541	12.704.333	15.197.541
Qazaq Green Power PLC	3.416.738	2.000.000	3.416.738	2.000.000
«Шардара ГЭС» АҚ	–	150.002	–	150.002
Дивидендтер бойынша кірістер жиыны	36.121.07.1	46.347.543	36.121.07.1	46.347.543

14. БАСҚА ДА ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР, (НЕТТО)

Басқа да операциялық шығындар – ГРЭС-3 құрылысы жобасын жүзеге асырумен байланысты.

ГРЭС-3 құрылысы жобасын іске асыру аясында алдын ала техникалық-экономикалық негіздеме дайындалды. Бұл негіздеме ҚР Үкіметінің тапсырмасымен кейін ҚР Энергетика министрлігіне жобаны жүзеге асыру үшін инвесторды таңдау бойынша тендерлік процесті жүргізу мақсатында тапсырылды.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР –
2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМ (аудиттелмеген) (жалғасы)****15. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		30 маусымда аяқталған үш ай үшін	
	2025 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2024 ж.
Жалақы және соған байланысты шығыстар	2.780.619	2.000.918	1.317.900	974.477
Кеңес беру және басқа да қызметтер	389.865	83.647	246.164	38.717
Ақпараттық жүйелерге қызмет көрсету және қауіпсіздік жөніндегі қызметтер	339.270	363.481	166.595	178.321
Негізгі құралдардың тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясына	297.910	248.770	158.648	123.637
Мамандандырылған кеңсеге қызмет көрсету қызметтері	244.829	216.166	123.349	111.111
Іссапар шығыстары	107.988	99.199	65.029	49.642
Персоналды оқыту және байланысты шығыстар	40.110	37.226	15.508	32.405
Сақтандыру	35.686	28.263	17.506	13.808
Басқа салықтар	12.838	88.307	1.299	225
Басқалары	95.713	345.095	50.411	342.362
Жалпы және әкімшілік шығыстар жиыны	4.344.828	3.039.047	2.162.409	1.864.705

16. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		30 маусымда аяқталған үш ай үшін	
	2025 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2024 ж.
Облигациялар мен берілген қарыздар бойынша пайыздық кірістер	7.130.628	3.705.286	3.553.835	1.830.885
Банк депозиттері мен репо бойынша пайыздық кірістер	3.906.335	1.450.452	2.211.993	922.837
Берілген кепілдіктер бойынша кірістер	978.826	23.288	489.403	11.636
Қаржы активтері бойынша дисконт амортизациясы	535.791	414.088	309.863	194.456
Басқалары	10.523	173	6.3.50	74
Қаржылық кірістер жиыны	12.562.103	5.593.287	6.571.444	2.959.888

17. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		30 маусымда аяқталған үш ай үшін	
	2025 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2024 ж.
Қарыздар мен облигациялардың сыйақысы бойынша шығыстар	8.492.942	5.816.685	4.330.620	2.881.324
Қаржы құралдары бойынша келтірілген құн дисконтының амортизациясы	4.403.326	4.089.161	2.014.886	2.000.813
Қаржылық жалдау бойынша шығыстар	212.212	131.672	140.724	65.836
Басқалары	40.064	27.700	23.77.8	8.599
Қаржылық шығыстар жиыны	13.148.544	10.065.218	6.510.008	4.956.572

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР –
2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМ (аудиттелмеген) (жалғасы)****18. ТАБЫС САЛЫҒЫ**

Табыс салығы депозиттер бойынша төлем көзінен ұсталатын салықты білдіреді. Компания болашақта салық салынатын пайда табады деп күтпейді.

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		30 маусымда аяқталған үш ай үшін	
	2025 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2024 ж.
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	42.095	65.420	26.461	41.611
Табыс салығы бойынша шығыстар жиыны	42.095	65.420	26.461	41.611

19. ШАРТТЫ ӘРІ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Төменде көрсетілген ақпараттан басқа, 2025 жылғы 30 маусымға 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жеке қаржылық есептілікте ашылғаннан басқа, қандай да бір шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер болған жоқ.

Қарыздар бойынша ковенанттар

Компания барлық кредиттік келісімдердің талаптары бойынша қаржы және қаржылық емес көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. Шарттық талаптарды орындамау банкке кредиттер мен қарыздарды дереу қайтаруды талап етуге құқық береді. 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша және көрсетілген күні аяқталған алты айда Компанияда алынған қарыз шарттары бойынша ковенанттарды бұзушылықтар болған жоқ. Компания болашақта қаржылық ковенанттардың бұзылуына әкелуі мүмкін қаржылық көрсеткіштердің нашарлауын күтпейді.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР –
2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМ (аудиттелмеген) (жалғасы)****19. ШАРТТЫ ӘРІ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР
(жалғасы)****Соттың істі қарауы**

Компания әдеттегі қызметінің барысында сот процестері мен шағымдарға ұшырауы мүмкін. Қазіргі уақытта Компания басшылығы осы сот процестері мен шағым-талаптардың нәтижесінде түпкілікті міндеттемелер Компанияның болашақ қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етпейді деп санайды.

20. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Әділ құнды анықтауда қолданылатын деректердің дұрыстығы туралы түсінік беру үшін Компания өздерінің қаржы құралдарын ҚЕХС-ке сәйкес белгіленген үш деңгейге жіктейді. Әділ құнды бағалау нәтижелері талданады және әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша былайша бөлінеді: (i) 1-деңгейге бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгіленетін бағалар (түзетілмейтін) бойынша бағалау, (ii) 2-деңгейге - пайдаланылған барлық маңызды бастапқы деректер актив немесе міндеттеме үшін тікелей немесе жанама қадағаланатын болып табылатын бағалау әдістері арқылы алынған (яғни, мысалы, бағалар) және (iii) бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген бағалаулар болып табылатын 3-деңгей бағалары (яғни бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген). Төменде әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша әділ құнды талдау және әділ құн бойынша бағаланбаған активтер мен міндеттемелердің баланстық құны келтірілген:

	2025 жылғы 30 маусым				2024 жылғы 31 желтоқсан			
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Баланс- тық құны	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Баланс- тық құны
<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>								
Міндеттемелер								
Қарыздар мен облигациялар	-	173,086,904	-	195,752,552	-	150,292,788	-	174,541,351

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері

Белгіленген пайыздық мөлшерлеме құралдарының бағаланған әділ құны ұқсас кредиттік тәуекелі бар және өтеуге дейінгі мерзімі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған, алуға күтілетін бағалау ақша ағындарының сомалары негізінде анықталады. Қолданылған дисконттау нормалары контрагенттің кредиттік тәуекеліне байланысты.

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер

Нарықтық баға белгілеулері жоқ белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар және өтеу мерзімі белгіленген құралдардың бағалау әділ құны ұқсас кредиттік тәуекелі және өтеу мерзімі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған бағалау ақша ағындары негізінде анықталады.

21. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2025 жылғы 3 шілдеде Компания «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ алдында облигациялар бойынша негізгі борыш сомасының есебіне 1.736.828 мың теңге және облигациялар бойынша сыйақы сомасының есебіне 1.367.752 мың теңге сомасына берешек төледі.

2025 жылғы 9 шілдеде Компания Жалғыз акционердің пайдасына 20.565.918 мың теңге мөлшерінде дивидендтерді төледі.

2025 жылғы 25 шілдеде «Самұрық-Энерго» АҚ 196.200 дана жай акцияны бір жай акция үшін 127.514 теңге орналастыру бағасы бойынша орналастырды. Орналастыру «Самұрық-Қазына» АҚ-ның акцияларды ақша қаражатымен төлеу арқылы сатып алудағы басымдық құқығын іске асыру тәртібінде жүзеге асырылды. Жалпы сома – 25.018.246 мың теңге.

2025 жылғы 21 шілдеде Qazaq Green Power PLC компаниясы Dutch Green Power Investment B.V.-мен бірлесіп «Sauran Solar Power» ЖШС заңды тұлғасын құрды, онда Qazaq Green Power PLC жария компаниясының қатысу үлесі 30% құрайды. Иелік ету үлесінің қалған 70%-ы Dutch Green Power Investment B.V. тиесілі.